

3 сынып білім алушыларына арналған «Қазақ тілі» пәнінен II-тоқсан
жиынтық бағалаудың тапсырмалары

Күні _____ Білім алушы _____

Орындау уақыты: 45 минут

Балл саны: 16

Тапсырма II нұсқа

Тыңдалым және айтылым

1. Суреттерге қарап, мәтіннің не туралы болатынын болжа және ойыңды дәлелде.
(5)



Сен тұратын аймақта қандай сәулет ескерткіштері бар? Олар туралы не білесің?
Әңгімеле.

.....
.....

Оқылым

2. А. Темірбайдың уақыт туралы өлеңінен алынған үзіндіні түсініп оқы. (6)

Қайтарылмайды бұл уақыт,
Қайталанбайды бұл уақыт,
Таппайсың, ертең іздесең,
Қайта оралмайды бұл уақыт.

Уақыт-ай, уақыт, зырлайды,
Артына мойнын бұрмайды.
Кешіксең, бітті, ол сені,
Бір секунд күтіп тұрмайды.

Біреудің күні өтпейді,
Біреуге уақыт жетпейді.
Есептеп үйрен уақытты,
Енбегің зая кетпейді.

Бұл өмір деген – қас қағым
Өтер де кетер жас шағың!
Сыйлатқың келсе өзіңді,
Уақытын сыйла басқаның

Ойлама бәрін білем деп,
Шалқып та тасып жүрем деп.
Уақытың –алтын қазынаң,
Жұмсауың керек үнемдеп.

Өзіңді - өзің алдама,
Уақытты салма саудаға.
Өткізе бермей жай ғана,
Уақытты жарат пайлана.

1) Өлеңге қандай тақырып қояр едің? Жаз.

.....

2) Өлеңнің негізгі ойына сәйкес келетін тұжырымды анықта.

A) Әр нәрсенің өз уақыты бар

B) Уақыт – жан-жақты дамудың кілті

C) Уақыттың бос өткені – өмірдің бос кеткені

D) Дүниеде уақыттан жасы үлкен ешкім де, ештеңе де жоқ

3) Өлеңнен уақыттың қадірін сипаттайтын 2 сөйлемді тауып, көшіріп жаз.

.....
.....

4. «Уақытың –алтын қазынаң» дегенді қалай түсінесің?

.....
.....

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	Мәтін Қожа Ахмет Ясауидың кесенесін сипаттау туралы болуы мүмкін, себебі суретте кесененің ішкі көрінісі де бейнеленген	1	Сұрақтың мазмұнына сәйкес баламалы қысқа немесе толық жауаптар қабылданады
	Мен Шымкент қаласы «Мәртөбе» тұрғын алабында тұрамын. Шымкент - үлкен қала. Қаладағы зәулім үйлер, мұражайлар алыстан көз тартады. «Бәйдібек би» монументі Шымкенттің символы деп білеміз. Бәйдібек би бүкіл адамзатты ынтымаққа, татулыққа, бірлікке шақырып тұр	1	Тақырыпқа сәйкес жүйелі мәтін құрастырады
		1	Сөйлемнің құрылымын сақтайды
		1	Өз ойын жүйелі жеткізеді.
		1	Сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.
2	Уақыттың қадірі. Уақытты бағала.	1	Өлеңнің мазмұнына сәйкес баламалы тақырыптар қабылданады
	С)Уақыттың бос өткені	1	Дұрыс жауабы қабылданады
	Қайта оралмайды бұл уақыт. Есептеп үйрен уақытты. Уақытын сыйла басқаның/ Уақытың –алтын қазынаң, жұмсауың керек үнемдеп	2	Әр сөйлемге 1 балл қойылады. Тапсырманың мазмұнына сәйкес болатын 2 сөйлем қабылданады
	Адам баласы үшін уақыттан асқан қымбат қазына жоқ. Уақыт қайта айналып келмейді	2	Тапсырманың мазмұнына сәйкес болатын баламалы, қысқа және толық жауабы қабылданады
3	Мен, Рысалы Султан 2013 жылы Шымкент қаласында дүниеге келдім. Әкем Бахытжан жеке кәсіпкер,анам Сабира дүкенде сатушы.2019 жылы №27 мектепке 1 сыныпқа бардым. Қазір осы мектепте 3 сыныпта оқимын Мекенжайым: <i>Шымкент қаласы Шаян көшесі 27</i>	1	тапсырмаға сәйкес жазған өзінің өмірбаяны қабылданады
		1	Өмірбаянның құрылымын сақтайды
		1	Өмірбаян жазу стилін сақтайды (I жақта);
		1	Хронологиялық жүйені сақтап жазады;
		1	Грамматикалық және пунктуациялық нормаларды сақтайды
Барлығы		16	

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы 2 тоқсан

№ 1	Ортақ тақырып	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқу мақсаты	Тапсырманың Сипаттамасы	Тапсырма Саны	Жалпы Балл
	Уақыт Сәулет	Тыңдалым және Айтылым	3.1.2.1 Мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер/фото/ диаграмма бойынша мәтіннің Мазмұнын болжау 3.1.3.1 Түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, тілдік нормаларды сақтап сөйлесу	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды	1	6
2		Оқылым	3.2.6.1 Мұғалімнің көмегімен ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін/ стилін (көркем мәтін,ғылыми танымдық мәтін жанрын салыстырып ұқсастығы мен айырмашылықтарын табу 3.4.2.7 Сөйлемнің тұрлаулы бастауыш	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	5
3		Жазылым Тілдік нормалардың қолданысы	баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелерін 3.4.2.8 Мұғалімнің көмегімен жалаң және жайылма сөйлемді ажырату 3.3.7.2 Мұғалім көмегімен бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаның орнын білу және қою	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды	1	5
Жалпы балл					3	16

